ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 23 желтоқсанда іс №1912-25-00-2/2715 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы А.А.Қойтан отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында онлайн форматта бейнеу байланыс арқылы қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Trade Group» Даутов Асылжан Шарипович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартын міндеттемелерін орындамағаны үшін жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі И.С.Зинуллин

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнымен жауапкер жеке кәсіпкер «Trade Group» Даутов Асылжан Шариповичтің арасында жасалған 2025 жылғы 29 қыркүйектегі №990940002548/250107/00 мемлекеттік саттып алу-сату шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарына сәйкес жалпы сомасы 24 400 теңге құрайтын Папка регистр 75мм А4 тауарын жеткізуге міндетті болған.

Шарт бойынша жеткізу мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде айқындалды№

Осылайша, тауар 2025 жылғы 13 қазаңға дейін жеткізілуге жатады.

Ал, жауапкер шартарда көрсетілген міндеттерын толығымен орындаған жоқ. Осыған байланысты, талап қоюшы тарапынан ескерту жолдағаннан кейін 2025 жылғы 26 қарашада шарт біржақты бұзылды.

Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті орындамауына байланысты, талап қоюшының тарапынан Алматы облысы Қонаев қаласында орналасқан МАЭС-қа осы талап қою сотқа тапсырылды.

Жауапкердің тарапынан қарсы пікір жазбасша түрде тапсырылмаған.

Талап қоюшының өкілі сотта шартта көрсетілген қызметтерің жауапкер орындамағаның, осыған байланысты екі тарап арасында жасатқан мемлекеттік сатып алу келісім шарты бұзылды, талап қоюыды толығымен құаттап соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алу жосықсыз қатысушысы деп тану сұрады.

Жауапкер сотқа бірнеше рет алдын ала сот отырысы болғаны туралы біле тұра қатыспады. ҚР АПК 196 бабы 4 тармағына сай оның қатысусыз ыс қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне шарт бойынша алған міндеттерың толығымен орындаған жоқ.

Осы мәліметті талап қоюшынын өкілі сотта толығымен растады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, мерзімі өткенінін және шарттының бұзылғанын ескеріп, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 401, 405 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Документ подписан: Байбутаев Е. Д., 23.12.2025

Дата вступления в законную силу: 26.01.2026, судья Байбутаев Е. Д., 26.01.2026

Талап қоюшы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жауапкер жеке кәсіпкер «Trade Group» Даутов Асылжан Шарипович – мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Trade Group» Даутов Асылжан Шариповичты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жеке кәсіпкер «Trade Group» Даутов Асылжан Шариповичтің атынан мемлекеттік кірісіне сот орналасқан жергілікті бюджетке (Алматы облысы Қонаев қаласы) 1 966 /бір мың тоғыз жүз алпыс алты/ теңге көлемінде сот шығындар мемлекеттік баж есебінде өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Документ подписан: Байбутаев Е. Д., 23.12.2025

Дата вступления в законную силу: 26.01.2026, судья Байбутаев Е. Д., 26.01.2026